



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2020 жылғы 7 қыркүйегі

№ 54-484-VI

Сарыағаш қаласы

город Сарыағаш

**Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы
№46-417-VI «2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 тамыздағы №51/531-VI «Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы №44/472-VI «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5757 тіркелген шешіміне сәйкес, Сарыағаш ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданының мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №46-417-VI «2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5347 тіркелген және 2020 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сарыағаш ауданының 2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 45 964 163 мың теңге:

салықтық түсімдер – 3 757 911 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 54 319 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 75 106 мың теңге;

трансферттер түсімі – 42 076 827 мың теңге;

2) шығындар – 46 089 479 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 224 352 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 274 235 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 49 883 мың теңге;

- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
 қаржы активтерін сатып алу – 0;
 мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -349 668 мың теңге;
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 349 668 мың теңге;
 қарыздар түсімдері – 274 235 мың теңге;
 қарыздарды өтеу – 49 884 мың теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 125 317 мың теңге.».

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Сарыағаш ауданының мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді «Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш ауданының мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы**

К. Пердекулов

**Аудандық мәслихат хатшысы
міндетін уақытша атқарушы**

Е. Туребеков

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 11.09.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 5795 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов, 11.09.2020 13:09:47, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат хатшысы міндетін уақытша атқарушы Ергеш Есенбекович Туребеков, 11.09.2020 13:10:21, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Қайрат Куралбаевич Пердекулов, 11.09.2020 13:10:47, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Заместитель руководителя Айдос Мусиралиевич Тогузбаев, 11.09.2020 16:47:39, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі